

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1950 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 26 маусым N 866

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңының Z990357_24-бабы 4-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының құқық қорғау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2001 жылғы 22 қаңтардағы N 536 U010536_Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Z000131_Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1950 P001950_қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 56, 627-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

IV "Шығыстар" бөлімінде:

1 "Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер" функционалдық тобындағы "33 063 926" деген сан "32 840 759" деген санмен ауыстырылсын;

1 "Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер" функционалдық тобының 2 "Қаржылық қызмет" ішкі функциясындағы "18 147 250" деген сан "17 924 083" деген санмен ауыстырылсын;

1 "Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер" функционалдық тобының 2 "Қаржылық қызмет" ішкі функциясының 219 "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі" әкімшісі бойынша "11 254 638" деген сан "11 031 471" деген санмен ауыстырылсын;

1 "Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер" функционалдық тобының 2 "Қаржылық қызмет" ішкі функциясының 219 "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі" әкімшісінің 42 "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің органдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша "1 062 885" деген сан "839 718" деген санмен ауыстырылсын;

3 "Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік функционалдық тобында "43 902 757" деген сан "44 125 924" деген санмен ауыстырылсын;

3 "Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік" функционалдық тобының 1 "Құқық қорғау қызметі" ішкі функциясында "19 983 967" деген сан "20 207 134" деген санмен ауыстырылсын;

3 "Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік" функционалдық тобы 1 "Құқық

қорғау қызметі" ішкі функциясының 618 "Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі" әкімшісі бойынша "1 233 635" деген сан "1 456 802" деген санмен ауыстырылсын;

3 "Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік" функционалдық тобы 1 "Құқық қорғау қызметі" ішкі функциясының 618 "Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі" әкімшісі бойынша 3 "Ақпараттық-есептеу қызметін көрсету" бағдарламасынан кейін мынадай мазмұндағы бағдарламамен толықтырылсын:

"30 Қаржы полициясы органдарын

материалдық-техникалық қамтамасыз ету 223 167"

2) көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

IV "Шығыстар" бөлімінде:

3 "Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік" функционалдық тобы 1 "Құқық қорғау қызметі" ішкі функциясының 618 "Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі" әкімшісі бойынша 3 "Ақпараттық-есептеу қызметін көрсету" бағдарламасынан кейін мынадай мазмұндағы бағдарламамен толықтырылсын:

"30 Қаржы полициясы органдарын

материалдық-техникалық қамтамасыз ету Іс-шаралар"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК